

Ақтөбе облысы бойынша кен іздеушілік үшін аумақтарды айқындау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 18 шілдедегі № 324 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 тамызда № 5936 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 517 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 517 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Кодексінің 65, 264-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 23 наурыздағы № 20-ө "2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" өкіміне сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы бойынша кен іздеушілік үшін аумақтар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Қ. Ә. Бекеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Б. Сапарбаев

Ақтөбе облысы әкімдігінің

Ақтөбе облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтар

Пайдалы қазба түрі	Кен орны (ауданы, учаскесі)	Орналасқан жері		Жер қойнауын пайдалану операция түрі	Қысқаша геологиялық ақпарат
		Облыс, аудан	Координаттары		
1	2	3	4	5	6
Алтын	Борлы кен орны	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы	49°15'00" - 58°56'00"	Кен іздеушілік	Кен орны 1946 жылы анықталды; 1948 жылы оның аумағында 1:10000 масштабта геологиялық түсіру жүргізілді; 1951 жылы Борлы кен орнының алтын кенді желісінің қоры бағаланған есепнама жасалды. Кен орны Борлы алтын кенді аймақпен тұтастырылды және кварцты-желілі түрдегі алтын-кварцты формацияға жатады. Желі солтүстік-шығыстан қарай оңтүстік-шығысқа қарай тік құлай созылған. Алтын біркелкі орналаспаған.
Алтын	Мыңжасар кен орны	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы	48°47' 00" - 58°58'00"	Кен іздеушілік	Кен көрінісі 1957-1959 жылдарда литохимиялық магнитті және и электро барлау түсірулер жүргізу барысында анықталған; 1961 – 1963 жж. анықталған литохимиялық ауытқуларды бұрғылау арқылы тексеру барысында, көрінген алтынды алғашқы алтынды желі табылды. 1985-89 жылдарда кен көрінісінде іздеу жұмыстары жүргізілді, соның нәтижесінде құрамында жүз бөлшектен 2 – 3г/т. дейін алтыны бар 43 кварцты желі картаға түсіріліді және сынамаға алынды, ал 4-желіде 9 – 13 г/т. метал бар екендігі анықталды. 1991 жылы кен орнында іздеу-бағалау жұмыстары жүргізілді, кен және алтын қоры 1993 ж. №75 хаттамамен бекітілді. Кендену кварцты желімен байланысты, плагиограниттердің интрузиясымен байланысқан метасоматикалық жағынан өзгерген жыныстармен-сирек. Кен орны ССШ-қа жайылған 4 кварцты кен желісінен тұрады; жайылу өлшемі - 16,0 - ден 60,7 м-ге дейін, құлдырауы - 15 м, күші 0,2 ден 3,8 м-ге дейін. Кен -алтын-кварцты; алтын өлшемі 0,5х1мм-ге дейінгі қабыршақ және жұқалтыр түрінде. Кен орны игерілді.
					1972 жылы 1:10000 масштабта кешенді ГГФ жұмыстар жүргізу нәтижесінде

Алтын	Пограничное кен орны	Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы	48°32' 00" - 58° 57'00"	Кен іздеушілік	а ш ы л д ы . 1980 жылы жайылған кен аймақта крестелген 10-20 м аралығында 23 ор (847 қ. м.) жасалды; учаскенің солтүстігінде тереңдігі 20 м. шурф өтілді, оңтүстікте - тереңдігі 10м шурф. Шурфтардан кен аймақты толық кесіп өткенге дейін, ұзындығы 14-40 м болатын тілімдер өтілді. Кендену кварцты желімен және негізгі құрамның метасоматикалық жағынан өзгерген жыныстармен байланысты; ССШ-қа жайылған 3 кварцты кен желісінен тұрады; жайылу өлшемі - 49,0-ден 81 м-ге дейін, құлдырауы – 19,0 м-ден 40,0 м-ге дейін, күші 0,3 -тен 3,3 м-ге дейін , алтынның орташа мөлшері есептік блоктар бойынша 5,5 г/т -ден 14,5 г/т. дейін ауытқиды. Кен -алтын-кварцты, арсенопирит, пирит және халькопирит сирек бүркілген.
Алтын	Тастысай кен орны	Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы	49° 12' 00" - 59° 18'00"	Кен іздеушілік	1979 жылы 1:10000 масштабта кешенді ГГФ жұмыстар жүргізу нәтижесінде а ш ы л д ы . 1980 жылы іздеу жұмыстары жалғастырылды; 1981 ж. қор ҚОК-ның № 25-хаттамасымен бекітілді. Кен орны жайылған кварциттер аумағында арасы 30-35 м. орлар бойынша барланды, кен аймақ құлдырауы бойынша тереңдігі 27,1 м. шурфпен, оның тілімдерімен 15-25м.тереңдікте және барланған ордан өткен , 6 еңкейтілген ұңғымамен (442 қ.м.) б а р л а н д ы . Кварцтық желі сериясымен белгіленді, оның ішінде 4-і өндірістік жағынан құнды болып табылады; желі ұзындығы 150 м-ге жетеді, күші – 2 м-ге дейін; кен өлшемі едәуір аз.
Алтын	Шанаш кен орны	Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы	49° 18' 00" - 59° 30'00"	Кен іздеушілік	Кен орны 1976 жылы 1:50000 масштабта геофизикалық жұмыстар жүргізу нәтижесінде ашылды. 1977-1979 жж. кен орны аймағында 1: 10000 масштабта алтын кенін іздеу жү р г і з і л д і . Кен орны Қайракты порфир түрлі гранит интрузиясы эндоконтактылық аймағымен тұстасқан және меридиональды жайылған екі кенді торапты; жайылуы бойынша өлшемі - 50,0 және 20,0 м., құлдырауы бойынша - 23 және 15 м., орташа күші 1,1 және 1,26 м. Кен-алтын-кварцты; алтын жұқа дисперсті және көрнекті, ең үлкен өлшемі 2 - 3 мм-ге дейін.

Алтын	Сарлыбай кен орны	Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы	48° 35' 00" - 58° 57'30"	К е н іздеушілік	Кендену Сарлыбай алабындағы гранитоидтардың негізгі құрамдағы вулканиттермен қатысты аймақтағы кварцты желімен байланысты. Кен орны 4 кварц кенді желісінен тұрады; оның жайылуы бойынша өлшемі – 75-тен 330 м-ге дейін., құлауы бойынша– 90 м-ге дейін; желісінің күші – 0,1-ден 1,2 м-ге дейін. Кен алтын-сульфид-кварцты. Алтын 1-2 мм-ге дейін болатын қабыршақ түрінде байқалған; алтынның орташа мөлшері – 24,92 г/т.
-------	----------------------	---------------------------------------	-----------------------------	---------------------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК